

## Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Ақтөбе облысы Қобда ауданының Құрсай ауылдық округінің әкімінің 2014 жылғы 24 сәуірдегі № 1 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 30 сәуірде № 3869 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Қобда ауданы Құрсай ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 1 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Қобда ауданы Құрсай ауылдық округі әкімінің 31.03.2015 № 1 шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабына сәйкес және Қобда аудандық аумақтық инспекциясының Бас мемлекеттік ветеринариялық – санитарлық инспекторының 2014 жылғы 14 сәуірдегі № 81 ұсынысының негізінде Құрсай ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Құрсай ауылдық округінің Құрсай ауылы аумағында ірі мүйізді мал арасында бруцеллез жұқпалы ауруының ошағы анықталуына байланысты, шектеу іс-шаралары белгіленсін.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күні қолданысқа енгізіледі.

Құрсай ауылдық округінің әкімі	С.Елеусінов
--------------------------------	-------------